

Полицияға жәрдемдесетін студент жастардың жедел құрама отрядының қызметін ұйымдастыру қағидалары туралы

Күшін жойған

Екібастұз қалалық әкімиятының 2003 жылғы 11 желтоқсандағы N 61 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2004 жылғы 5 қаңтарда N 2193 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімінің 2005 жылғы 29 наурыздағы N 23 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімінің 2005 жылғы 29 наурыздағы N 23 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33 бап 1 тармақ 5 тармақшасына сәйкес, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықпен күресуде және қылмыстың алдын алуда құқық қорғау органдарына жәрдем беру үшін жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттерін тарту мақсатында ШЕШІМ қ а б ы л д а й м ы н :

1. Қосымшаға сәйкес полицияға жәрдемдесетін студент жастардың жедел құрама отрядының (бұдан былай - Отряд) қызметін ұйымдастыру қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Екібастұз қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы (С.Ә.Ергебаев) Отрядқа практикалық, әдістемелік және құқықтық көмек көрсетсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Екібастұз қаласының әкімі В.Набитовский

Келісілді :

Екібастұз қалалық ішкі істер бөлімінің

бастығы С. Ергебаев

Екібастұз қаласы әкімінің
2003 жылғы "11" желтоқсан
"Полицияға жәрдемдесетін студент
жастардың жедел құрама отрядының
қызметін ұйымдастыру қағидалары
туралы" N 61 шешімімен
бекітілді

Полицияға жәрдемдесетін студент жастардың жедел құрама отрядының қызметін ұйымдастыру ҚАҒИДАЛАРЫ 1. Жалпы ережелер

1. Полицияға жәрдемдесетін студент жастардың жедел құрама отряды (бұдан былай - Отряд) жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері арасынан құрылады, студент жастардың қоғамдық тәртіп пен кәсіби даярлықты нығайтуға қатысуының бір түрі және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықпен күресуде және қылмыстың алдын алуда құқық қорғау органдарына жәрдем беру жөніндегі ерікті бөлімше болып табылады. Отрядты ұйымдастыру мен қызметінің тәртібі осы қағидалармен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да нормативті құқықтық актілер Отрядтың негізгі құқықтық қызметі болып табылады.

3. Отряд Екібастұз қаласында орналасқан жоғары және орта арнаулы оқу орындары жанынан құрылады.

4. Отрядты жалпы басқару және қызметіне бақылау жасау отряд мүшелері арасынан сайланған және оқу орны жастар Кеңесінің мүшесі болып табылатын командир жүзеге асырады.

5. Отрядтың күнделікті қызметі Екібастұз қалалық ішкі істер бөлімі (бұдан былай - ҚІБ) кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлімшесімен (бұдан былай - КТБ) ұйымдастырылады, жіберіледі және үйлестіріледі.

6. Отрядқа жасы он сегізге толған және оқу орындарында оқитын жігіттер мен қыздар қабылданады.

7. Заң қызметіне қарсы келгендер, Отряд мүшелерінің жүктелген міндеттемелерін орындауларына байланысты, олардың өміріне қол сұғып, денсаулығына қастандық жасағандар, ар-намысын таптағандар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаларына сәйкес қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

2. Отрядтың негізгі міндеттері мен қызметтері

8. Отрядтың негізгі міндеті қаланың қоғамдық орындарында және көшелерде жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықпен күресуде, қоғамға қарсы іс-қимылдардың, балалар қараусыздығы мен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда ішкі істер органдарына жәрдемдесу болып табылады.

9. Отряд кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлімшенің инспекторлық құрамымен бірге қолданылып жүрген заңнаманы басшылыққа алады.:

1) азаматтардың көпшілік дем алатын жерлерінде және мәдени-көпшілік,

спорттық шараларды өткізгенде қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысады;

2) құқық қорғау органдарына жастар мен жасөспірімдер арасында жекеленген қылмыс түрлерімен күресуде, кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен жеке алдын алу жұмысын жүргізуде, құқық бұзушылықты болдырмауда құқық қорғау органдарына жәрдем беру;

3) кәмелетке толмағандардың тәртібін түзету, оналту, оларды қайта тәрбиелеу және қоғамдық жұмысқа тарту, кәмелетке толмағандардың криминогенді белсенділігін төмендету, бас еркінен айрылу орнынан оралған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік сауықтыру бойынша жұмыстарды іске асырады.

3. Отряд жұмысын құру тәртібі, құрылымы мен жұмысын ұйымдастыру

10. Отряд қағидаларға сәйкес құрылады және жасы он сегізге толған, дене тәрбиесі дайындығынан өткен, оң мінездеме берілген студенттер қатарынан құрылады.

11. Отряд мүшелігіне қабылдау ерікті түрде, қабылданатын адамның жазбаша хаты негізінде, жеке тәртіпте өтеді.

12. Екібастұз қаласының аумағында орналасқан оқу орындарының студенттері Отряд мүшелері болып табылады.

13. Іріктеуден өткен Отрядтың әрбір мүшесіне белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

14. Отряд бекітіліп берілген учаскелері бойынша бөлінген жұмылдыру топтарынан құрылады.

15. Отрядты командир басқарады, ал ол жоқ болса, командирдің орынбасары басқарады.

16. Отряд командирі Отряд мүшелері арасынан сайланады.

17. Командир:

1) Отрядтың жұмысын жоспарлайды, оған тікелей басшылық жасайды, құжаттама жүргізеді;

2) Отряд мүшелерімен жұмыс түрі мен әдістемесін, қолданылып жүрген заңнама негіздерін, дене тәрбиесіне дайындық сабақтарын оқып-үйренуді ұйымдастырады;

3) Отряд жұмысын бақылайды, аттестацияны ұйымдастырады, Екібастұз ҚІБ КТБ басшылығы алдында белгілі мерзім ішінде атқарған жұмысы туралы есеп береді;

4) ерекше көзге түскен Отряд мүшелерін мадақтауға ұсынады;

5) Екібастұз ҚІБ бастығына жастар мен жасөспірімдер арасындағы қоғамдық тәртіпті жақсарту және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ұсыныстар жасайды.

18. Жұмылдыру тобы басшылары арасынан Отряд кеңесі құрылады, оны Отряд командирі басқарады.

19. Отряд Кеңесі Екібастұз ҚІБ кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлімшемен бірлесіп, жұмысты талдау, жұмыс тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды қолдану, басқа да проблемаларды сараптап және шешу үшін токсанына бір рет мүдделі адамдарды шақыра отырып, мәжіліс өткізеді.

4. Отряд мүшелерінің міндеттері мен құқықтары

20. Отряд мүшесі мынаған міндетті:

1) қоғамдық тәртіпті сақтауда, жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда ҚІБ белсенді қатыстыру, халықтың заңға деген көзқарасын қалыптастыру;

2) азаматтардың ар-намысын, құқы мен заңды мүдделерін қорғауға ықпал ету, сыпайы, әдепті болуға, қоғамға қарсы іс-әрекеттердің жолын кесуге заңда қарастырылған шараларды қолдануға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарын және басқа да құқықтық актілерін білу және қатаң орындау, құқық бұзушылықтың алдын алу түрлерін мен әдістемелерін жетілдіру;

4) командирге, полиция органына азаматтардың қауіп төндіретін төтенше жағдайлар туралы органдарға дер кезінде хабарлауға;

5) міндетін атқару кезінде Отряд мүшесінің куәлігі болуы керек;

6) жұмылдыру тобы басшысы мен Отряд командирі алдында жұмыс туралы үнемі есеп беруге міндетті.

21. Отряд мүшесі мынаған құқылы:

1) азаматтардан тиісті қоғамдық тәртіпті сақтауын және құқық бұзушылықты болдырмауын талап етуге;

2) қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда және азаматқа мүліктік және басқа да зиян келтірілген жағдайда хаттама жасауда полиция қызметкерімен немесе уәкілетті тұлғамен бірлесіп қатысуға;

3) құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында басқа да іс-қимыл шаралары жойылған кезде құқық бұзушы кәмелетке толған тұлғаны полицияға немесе полиция пунктіне жеткізуге;

4) полиция жасағымен бірге кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың жолын кесу үшін клубтарды, стадиондарды, кинотеатрларды және басқа қоғамдық орындарды аралауға құқылы.

5. Жұмыс түрі мен әдістері

22. Отряд өз жұмысын мына жолмен атқарады:

- 1) іс-шараларда және рейдтер жүргізгенде құқық тәртібін қолдауға қатысу;
- 2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық туралы білім басқармасын, қала әкімі ішкі саясат бөлімін, Екібастұз ҚІБ және басқа да құқық қорғау органдарын хабардар ету;
- 3) Екібастұз ҚІБ КТБ есебінде тұрған құқық бұзушы кәмелетке толмағандармен жеке алдын алу сұхбатын жүргізу;
- 4) оқу орындарында құқық тәртібін қолдау бойынша жұмысқа қатысу;
- 5) жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен кездесулер, дөңгелек столдар ұйымдастыру;
- 6) қаланың жоғары оқу орындары оқушылары арасында жалпыға міндетті құқықтық оқу бойынша шараларды ұйымдастыру және өткізу.

6. Мадақтау шаралары

23. Өзінің азаматтық борышын орындаудағы ерекше еңбегі үшін және ерлік пен жігер көрсете білгені үшін Отряд мүшелері қазақстан Республикасының наградасына ұсынылуы мүмкін.

24. Құқық бұзушылармен күресуге белсенді қатысқан Отряд мүшелері қала әкімімен, Екібастұз ҚІБ-мен және жоғары оқу орындарымен марапатталады.

25. Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысқан, қарамағындағы тұлғалармен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізген Отряд мүшесі оқу практикасын өткерген болып саналады.

26. Отряд мүшелері оқу орнын аяқтаған соң қаланың ішкі істер органы қызметіне немесе құқық қорғау органдарына түсерде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жеңілдік құқына ие болады.

27. Отряд мүшелері жүктелген міндеттерін орындау кезеңінде белгіленген үлгідегі куәлігін көрсете отырып, қалалық маршруттардағы автобустарда тегін жүруге құқылы.

28. Отряд мүшелерін мадақтау туралы хабарлама оқу орындарында салтанатты түрде жарияланады.

7. Отряд мүшелерін қорғау шаралары

29. Кезекшілік кезінде жарақат алған Отряд мүшелеріне емдеу жергілікті бюджет есебінен төленеді.

1) Ішкі істер бөлімінің қызметкерлеріне құқық бұзушыларды ұстауда көмек көрсету кезінде жарақат алған Отряд мүшелеріне емдеу 20 айлық есеп көрсеткіші

көлемінен аспайтын мөлшердегі жекеленген әлеуметтік төлем есебінен жергілікті бюджеттен жүргізіледі.

2) Жекеленген әлеуметтік төлем мөлшері қаланың халықты әлеуметтік қорғау басқармасы тиісті құжаттарды берген кезде қала азаматтарының жекеленген санаттарына әлеуметтік төлем тағайындау жөніндегі Комиссиямен белгіленеді.

3) Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және әлеуметтік төлем тағайындаудың негізі болып табылады.